

"Дәрілік заттарды стандарттау және бақылау жөніндегі республикалық базалық зертхана" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 294

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрілік заттарды стандарттау және бақылау жөніндегі республикалық базалық зертханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Дәрілік заттарды сараптау және стандарттау жөніндегі республикалық базалық зертхана" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта аталсын.

2. Кәсіпорынды басқарудың мемлекеттік органды, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыруши органды Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін және оның әділет органында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындастырылғанда де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды** - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 Р991852_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 52, 527-күжат)

:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

2 "Мемлекеттік кәсіпорындар" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 68 және 69 - жолдармен толықтырылсын:

"68. Дәрілік заттарды сараптау және стандарттау жөніндегі республикалық зертхана"

"69. Республикалық клиникалық аурухана".

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Kazakhstan

Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК